



**БҰЙРЫҚ**

*2025 т. 26 желтоқсан*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *819*

город Астана

**«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 64 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 36-бабы 9-тармағының 2) тармақшасына, 148-бабына, «2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 1046 қаулысына, 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 1 желтоқсандағы №128 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторингін жүргізу және түзету әдістемесінің 130, 141 және 142-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 64 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары (бұдан әрі – Даму жоспары);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Даму жоспарын іске асыру жөніндегі инвестициялық жоспары» бекітілсін;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Даму жоспарында:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрінің 2023 жылғы 27  
қаңтардағы № 64 бұйрығына  
1-қосымша»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Даму жоспары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Даму жоспарын іске асыру жөніндегі инвестициялық жоспарымен толықтырылсын.

2. Мынадай:

1) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 64 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 250;

2) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 64 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 94;

3) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 64 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 964 бұйрықтардың күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволардың басшылары жыл сайын 10 ақпаннан кешіктірмей Стратегия және даму департаментіне Даму жоспарының орындалуы туралы ақпаратты ұсынсын.

4. Министрліктің Стратегия және даму департаменті:

1) осы бұйрық күшіне енген күннен бастап оны он жұмыс күн ішінде және Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекетті жоспарлау жүйесінде көзделген өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың 4-тармағының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министрдің  
міндетін атқарушы**

**Т. Сұлтанғазиев**

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
хатымен

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің хатымен

2026 жылғы «13» наурыздағы

2026 жылғы «29» қаңтардағы

№ 001-ДБ/11197

№ 02-11/20518